

ЕКПІНДІ ҚҰРЫЛЫСШЫ

«Ремстрой» ЖШС-нде жалпы саны 500-дей адам жұмыс істейді. Кәсіпорынның кірпіш заводы, ағаш шеберханасы бар. Жұмыс сапалы болу үшін құрал-жабдық, техникаларын жаңалап отырады. Жақында ғана Ресейден құны 25 миллион тұратын РДК-351 кранын сатып алған. Осындай үлкен кәсіпорынның ұжымы тату тұрады. Мұнда жұмыс істейтін құрылысшылар қаламыздың көркеюіне үлес қосуда. Солардың бірі, үлгілі құрылысшы А.Елтиновтің «Ремстрой» ЖШС-нде жұмыс істегеніне бес жылдың жүзі болған. Бірге жұмыс істеп жүрген жолдастарының арасында сыйлы азамат аталмыш кәсіпорында участок бастығы болып қызмет етеді екен. Ардақ Елтинов өйелі Гүлмира Нұрғалиевамен бірге Есім, Өнуар, Қайырхан, Рауан есімді төрт бала тәрбиелеп отырған үлгілі жанұя. Екі үлкен ұлы №26 мектепте білім алады.

Ардақ Қайырбайұлы Ақтоғай /Краснокутск/ ауылында туып өскен. Онжылдық мектепті бітірген соң бұғанасы қата қоймаған жас бала 16 жасынан еңбекке араласады. Әскерде құрылыс батальонында екі жыл борышын өтеп, бөлімше командирлігіне көтеріледі. Ауылына оралған соң бұрынғы жұмысын жалғастырады. Үйленіп, үй болып, алғашқы ат ұстар сәбилері дүниеге келген соң, сүйікті жары Гүлмирамен ойласып отырып, Екібастұз қаласына көшіп келуді жөн көреді. Бұл 1994 жыл болатын.

-Екібастұзға келген жылы аз уақыт РСУ-да жүрдім,-дейді Ардақ алғашқы жылдардағы қиындықтар туралы, - Ол кәсіпорын құлдырай бастаған соң, жұмыстан шығып, Б.Апаханов басқаратын «Ремстрой» ЖШС-не кірдім. Содан бері осында жұмыс істеп келем. Бағадат Ибраимұлының бір жақсы жері - жас мамандардың, әскерден жаңа келгендердің жұмыс өтіліне, тәжірибесіне қарамастан, жұмысқа алады. Өзі бас болып тәжірибелі жігіттердің оларға көмектесуін, істің мән-жайын көрсетуін қолдап отырады. Бұл жерде дәл осындай жағдайда жұмысқа тұрғандар өте

көп. Қазір олар өз істерінің білгірі, тісқаққан шебер болып алған. Өз кезегінде олар да жастарға көмек беруден бас тартпайды.

Кәсіпорын басшысының адамгершілік қасиеті туралы ойын осылай білдірген Ардақ Қайырбайұлы өріптестері /қарамағындағылар/ жөнінде де жақсы ойда:

-Біздегі жігіттердің бәрі ысылған, өз жұмыстарын жақсы атқарады. Қазір атқарылып жатқан жұмыстардың бәрі солардың арқасында жүріп жатыр деуге болады. Нұрбек Ташимов деген азаматымыз тас қалаушылардың бригадирі. Ол кісілерді жұмысқа жұмылдыра біледі. Оның қарамағындағы Өмір Жұмалинов, Асхат Төрегелдинов, Дулат Шукажанов сияқты жігіттер істі аяқсыз қалдырмайды, қашанда шаруаларын тындырымды жасайды. Осыларға қоса Талғат Тұяқбаевты, монтаждаушылар қатарынан Иван Попов, Нұрлан Нұрпейісовті, дөнекерлеушілерден Жақан Аманқұловты атап айтуға болады. Сонымен бірге жүргізушілер туралы айтпай кетуге болмайды. Құрылыс материалдарын бір қаладан екінші қалаға немесе қаладан ауылға тасуда, жұмысшыларды жұмыс басына жеткізуде, құрылыс басында олардың еңбектері ерекше. Тіпті, оларсыз жұмыс тұрып қалған болар еді. Автокраншы А.Шарбақпаев, жүргізуші А.Иляшов, Қ.Саматов, А.Сапаровтар күні бойы тыным таппай жұмыс істесе де қабақ шытып, шаршауды білмейді.

А.Елтиновтің қарамағындағылар көбіне іссапарларда жүреді. Павлодар, Төртүй ауылы, Мичурин, Баянауыл, Астана қалаларына барып құрылыс объектілерін салды. Іссапарға шыққанда тамақ пен жатын орынға жұмысшылар қалталарынан ақша төлемейді. Қазіргі уақытта олар Павлодар қаласында құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Онда 60 пәтерлік 2 үйдің құрылысын бітіруге жақын қалды. Алла жазса, олар Екібастұзда да талай сәнді ғимараттар салатын болады.

Г.Медеубай